

**«Қазақстан Республикасының шетелдегі кемелері апатқа ұшыраған жағдайда,
теніз наразылығы туралы акт жасау» мемлекеттік қызмет паспорты**

Кызмет көрсетуші:

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері.

Жұмыс кестесі:

Казақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Күжаттарды қабылдау сағат 09.30-дан 12.30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі қабылдамайтын күн.

Веб-сайт:

шетелдегі мекемелердің сайттары

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижесін беруді жүзеге асыратын мекеме:

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:

қағаз түрінде

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

3 (үш) жұмыс күннен аспайды.

Қажетті қүжаттар тізбесі:

1) өтініш (өтініште: капитанның жеке мәліметтері, кеменің аты, капитанның ұлты, капитанның тіркелген порты, кеменің иесі туралы мәліметтер, кеменің жұру бағдары, оқиғаның болған жері, тасымалданатын жүктің өлшемі мен сипаты, жолаушылар саны, теңіз оқиғасының (теңіз авариясының) мәні, теңіз оқиғасының салдары көрсетіледі);

- 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 3) кеме журналы және одан үзінді көшірме (түпнұсқа);
- 4) консулдық алымның толенгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

Егер оқиға:

- 1) теңіз портында болса, оқиға болған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде;
- 2) кеме жузіп келе жатқан кезде болса, кеменің немесе кеме капитанының оқиға болғаннан кейін алғашкы теңіз портына келген кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде теңіздегі наразылық туралы өтініш беріледі.

Қызмет көрсетушінің лауазымды адамы теңіздегі наразылық туралы мәлімдемені қабылдағаннан кейін, кеме капитанының өтініші, кеме журналындағы мәліметтер, кеме капитанына және қажет болған жағдайда кеменің басқа экипаж мүшелеріне сауал қою негізінде теңіздегі наразылық туралы акт жасайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Қазақстан Республикасының шетелдегі кемелері апатқа ұшыраған жағдайда, теңіз наразылығы туралы акт.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының номірі:

1414, 8 800 080 77777

* толық ақпаратты алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету стандартымен танысады сұраймыз